

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

27.11.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадикова, АК мүшесі, академиялық персонал – Е.Б.Мамбетаев, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет қайраткері, аға оқытушы А.Т.Ботақараев, АК мүшесі, академиялық персонал – М.С.Сейсембекова, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А.Кулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – М.П.Айдарша, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Якуб, АК мүшесі, академиялық персонал – С.О.Сопбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Т.К.Мустафаева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.И. Исатаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.С.Аринов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Ш. Асанов, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Р.Н.Таубай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Қанатәліқызы, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Г.С. Құлжа.

Күн тәртібі:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау.
2. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту.
3. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадикова: Өнер даярлау бағыты бойынша бүгінгі күн тәртібіндегі ББ бойынша, Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау, ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту, қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау мәселелерін қарастыратын боламыз. Әр бір мәселе бойынша жасалынатын жұмыстарды ортада талқыласақ.

АК мүшесі, академиялық персонал – Т.К.Мустафаева: күн тәртібіндегі *бірінші* мәселе бойынша, Бакалавр деңгейінде 4-жылдық білім беру бағдарламалары 240 кредит, 5-жылдық БВО2126 – Дизайн білім беру бағдарламасы 300 кредит міндетті түрде меңгерілетіні тиісті ББ бойынша «Бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадр даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі, ББ пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби және өндірістік практикалардың түрлерін оқуды қамтиды. Сондықтан бұл мәселелерге байланысты пәндерді үйлестіру керек екендігін қарастыруымыз керек. Білімгерлердің оқу жетістіктері, оқу процесінде қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, шығармашылығы, таланты, дағды және қабілеттілігін жақсарту мақсатында, ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек.

АК мүшесі, академиялық персонал – М.П.Айдарша: күн тәртібіндегі *екінші* мәселе бойынша, ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту

тұралы ұсыныстарды дайындадық. ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру бірінші мәселе бойынша, 6B02126 – Дизайн, 6B02184 - Сәндік қолданбалы өнері білім беру бағдарламалары Университеттің «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау» ережесі мен 2023-2024 оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес Спорт және өнер факультетінің 1-курс студенттерін 29.01.24-10.02.24ж. аралығында оқу тәжірибеден, 2-курс студенттерін 29.01.24-10.02.24ж. аралығында оқу тәжірибеден, 3-курс студенттерін 15.01.24-10.02.24ж. аралығында өндірістік практикадан, 4,5 - курс студенттерін 05.02.24-30.03.24ж. аралығында мекемелерде Өндірістік тәжірибе III өтуге жіберуді бекіттік.

Шешім: Өнер даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын, оқыту нәтижелерін, бағалау әдістері талқыланып, керекті жұмыстардың жасалыну керек екендігі ескерілді. Әр бір ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастырып, жаңартылған жоспарларын қарап бекітуге жіберілсін. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадикова

Хатшысы:



магистр оқытушы М.С.Сейсембекова